



№25 (8177)  
26 маусым  
БЕЙСЕНБІ,  
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

# Кен Жылоу

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol  
ken\_jyloi\_gazeti

\* 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні



## ҚҰРМЕТТІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Бұқаралық ақпарат құралдары күнімен шын жүректен құттықтаймын! Журналистика – тек мамандық емес, бұл үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін асыл өнер. Қоғамдағы шынайы ақпаратты халыққа жеткізіп, көкейтесті мәселелерді қозғап, ел мен елді, билік пен бұқараны байланыстырып отырған сіздердің еңбектеріңіз қашанда бағалауға лайық.

Сіздердің қаламдарыңыз – ақиқаттың шырағы, сөзіңіз – әділдіктің үні. Жылыой ауданының дамуы мен тыныс-тіршілігін халыққа жеткізіп, жетістіктерімізді кеңінен насихаттауда жасап жатқан жұмыстарыңыз үшін зор алғысымды білдіремін.

Баршаңызға шығармашылық табыс, сарқылмас шабыт, денсаулық пен отбасылық береке тілеймін! Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!

Жұмабек ҚАРАЖАНОВ,  
аудан әкімі

\* Бізді құттықтайды!

## АДАЛДЫҒЫ ҮШІН АЛҒЫС АЙТАМЫН



Қазіргі әлемде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі өте зор. Журналистер ел өмірінің маңызды оқиғаларымен және құбылыстарымен таныстырып қана қоймай, қоғамдық пікірді белсенді түрде қалыптастырып, сындарлы

күштердің бірігуіне, ізгілік пен әділеттіліктің шынайы мұраттарын бекітуге ықпал етіп келеді.

Ақпараттың шынайылығы мен объективтілігі, принциптілігі, жеделдігі және бейтараптылығы, үнемі оқиғалар ортасында болуға деген ұмтылыс, адамдарға көмектесуге дайын болу – тамаша қасиеттер. Бұл сіздің ба-спа және электрондық басылымыңыздың лайықты жетістіктеріңіздің құрамдас бөлігі. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріңіз еңбегі өте күрделі және жауапты, өйткені олардың қолындағы – сөз, жер бетіндегі ең қуатты қарудың бірі.

Осы айтулы мереке күні аудандық газет журналистерін 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын. Олардың адал еңбегі, жоғары кәсіби шеберлігі, таңдаған мамандығына деген адалдығы үшін шынайы алғысымды білдіремін! Сіздерге шын жүректен шабыт, жаңа идеялар мен шығармашылық жобалардың сәтті жүзеге асуына тілектеспін!

Мұратқали ЫСҚАҚОВ,  
аудандық соттың төрағасы

\* Отандық БАҚ

## БАЛА КҮННЕН БЕРГІ СЕРІГІМ

Баспасөз десе бүйрегім бұрып тұрады. Өйткені бұл салаға мен бала шақтан жақын болдым. Оқушы кезімде мектептің қабырға газетін қазіргі қаламгер, құрдасым Мереке Құлқеновпен бірге шығарғанмын.

Менің алғаш көргенім «Социалды құрылыс», кейін «Коммунистік еңбек», «Қызылқоға», «Қазақстан пионері» газеттері болатын. Оларды бала кезден жаныма серік еттім. Ең алғаш республикалық «Қазақстан пионері» газетіне «Құстар күнін қарсы алдық» атты мақала шықты. Бұл – 1964 жылы, ол кезде Сағыз бекетінде Кенбай атындағы орта мектептің 5 класс оқушысы едім. Мұқыр орта мектебінде 9-10 кластарда оқып жүргенімде аудандық «Қызылқоға» газетіне хабарларым мен мақалаларым жарық көріп жүрді. 1970 жылдардан бастап республикалық баспасөзге ден қоя бастадым.

1972 жылдан Солтүстік Үстірт мұнай барлау экспедициясында бұрғышының көмекшісі болып еңбек еттім де, өмір жолым басқа арнаға бұрылып кетті. Бірақ сонда да ақпарат саласымен байланысым үзілген жоқ. Өйткені менің қазақ баспасөзіне кейінірек те баса мән беруіме үлкен ықпал еткен Сәбиолла Құрманұлы деген ағамыз болды. Ол көшіп-қонып жүрген көптеген геолог-барлаушылардың балаларын қазақ тілі мен әдебиеті



пәнінен дәріс берген ұстаз-басшы еді.

Бергіде Маңғыстаудан Құлсарыға көшіп келдім. Аудан орталығынан шығатын бұрынғы «Ембі» («Кен Жылоу») газеті редакциясының жазушы-журналистерімен кездесіп, жүздесіп жүрдік. Олар: Нұрдулат Ақназаров, Бақытжан Бозданов, Айтуар

Өтегенов, Қонаш Қалдыоразов, Тементай Әділханов, Бисенбай Бигелдиев секілді «Сен тұр, мен атайын!» дейтін маркаса жігіттер еді. 1980 жылдың қаңтар айының басында «Ембінің» тілшісі Қаржау Оразбаев журналист ретінде өндіріс басында жүрген менен сұхбат алып, ол мақала аудандық газет бетінде жарияланды. Ол кезде Жемісбай Нұртілеуов бұрғылау бастығы да, мен қасында бұрғылау шебері болып жұмыс жасап жүрген кезім еді.

Ол дәуірде баспасөзге қатты мән беретін, газет бетінде жарық көрген сын мақала жиналыстарда талқыланып, өндіріске келтірген зардабы ауыр болса, жауапты адамдар қызметімен қош айтысып жататын. Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясына Мәскеуден, Ленинградтан, Алматыдан, Қарағанды мен Атыраудан да әртүрлі ірі өндіріс басшылары, ғылым кандидаттары, докторлар, ақын-жазушылар мен баспасөз саласының өкілдері келіп өндіріс саласымен танысып, барлау-бұрғылау ісін өз шығармашылығына арқау ететін. Соңынан шағын концерт, сый-сыяпат, ас мәзірін ұсынып, марапатпен шығарып салатынбыз. Жалпы экспедиция ұжымы баспасөз саласымен тығыз достық қарым-қатынаста болды. Жазушылар Әбу Сәрсенбаев, ақын Шөмішбай Сариев пен басқа да қазақ зиялыларын тік тұрып қарсы алдық.

Баспасөз Кеңестер Одағының басты идеологиясы, мықты қаруы болатын. Сондықтан да оның таралымына

қатты мән берді. Сол дәуірде Қазақстан газет-журнал таратуда, оны насихаттауда Одақ бойынша III орыннан көрініп жүрді. Бұл жетістікке менің де қосқан үлесім бар деп есептеймін. Өйткені сол науқанға белсене атсалысқан жанның бірімін. Экспедиция атынан халықты газет-журнал жаздыруға үгіттеп, оны таратуда сіңірген еңбегім жоғары бағаланып, аудан көлемінде «Үздік баспасөз таратушы» деп танылып, II орын алғаным бар.

Бұл үрдістен қазір де жаңылғаным жоқ. Бүгін де Жаңа Қазақстанның баспасөз жаршысы бола білдім. Әр баспасөзге жазылу науқаны басталған уақытта арнайылап орталық «Қазпоштаға» барып, зейнетақыман 65 мың теңге қаржы бөліп, өзім сүйіп оқитын басылымдардың бірін де қалдырмай жаздырып аламын. Яғни, аудандық «Кен Жылоу»-дан бастап, облыстық «Атырау», республикалық «Егемен Қазақстан», басқа да еліміздің аумағынан түрлі деңгейде жарық көретін газет-журналдарға жазылып, үзбей оқып тұрамын. Осы баспасөз беттерінде түрлі мақалаларымды да жариялап, нақыл сөздерді насихаттап, жалынды ақпаратшысы болып келемін. Алға қарай да осы саламен байланысым үзілмек емес.

Осы сәтті пайдаланып, өңірдің барлық бұқаралық ақпарат құралдары саласында еселі еңбек етіп жүрген қызметкерлерді кәсіби төл мерекесімен шын жүректен құттықтап, еңбекте жеміс, толағай табыс тілегім келеді.

Қалыбай ЕРҒАЗЫ,  
мұнай-газ саласының ардагері,  
газеттің белсенді авторы

\* Баспасөз - 2025

**Кен Жылоу**

газетіне 2025 жылдың жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр!

«Қазпошта» арқылы:  
6 айға - 1750, 32 тг.

Баламалы негізде:  
6 айға - 1500 тг.

**Индекс:  
65583**

Бүгінгі санда:

### СЫРЫ БЕЙМӘЛІМ СУИЦИД



6-БЕТ